

Тақырып №9

**ЗТО сабағында қолданатын
жоспар түрлері**

ЗТО сабағында қолданатын жоспар түрлері

- ▣ **Жоспар:**
- ▣ 1. Оқытылу жоспарының құрылуы
- ▣ 2. Оқытылудың әрекеттік теориясы
- ▣ 3. ЗТО сабағында естімейтіндерді тілге оқыту қағидалары.

- Естімейтін балаларды оқытуға жоспар құру 1-сыныптың, 2 тоқсанынан басталады.
- Оқушылар қандай жоспар құрылу керектігін біліп, сол бойынша жұмыс істеуі тиіс. Жоспардың тұжырымы белгісіздік етістігі бойынша құрылады.
- Жоспар құруға уйрету ұжымдық және жекеше түрде өтеді. Мұғалімдердің бақылауымен оқушылар жоспар ретін анықтайды.
- Көбінесе оқушылар 1-сыныпта оқыту жоспары жайлы әңгімелейді. Ұжымдық жоспар бойынша 2-сыныптан бастап балалардан белсенділік талап етіледі. Осы уақыт аралығында оқушылар біраз іс-тәжірибе жинап, жоспар бойынша өз ойларын жеткізе алады.



- Балаларды өз ойын қорытып айтуға және арнайы ересектердің пікіріне қосылып,оны талқылауға үйретеді.
- Сабақ барысын бақылай отырып мұғалім тақтаға оқушылардың айтқан мысалдарын ватманға жазып түсіреді.Осы мысалдарды оқушылар тек қана ЗТО сабағында ғана емес,барлық сабақта көрнекілік ретінде қолдана алады.
- Жоспардың әрбір тармағы бір ғана мысалды орындауды көздейді.
- Естімейтін балалар бірден жоспар бойынша дамып кете алмайды.Оларға белгілі бір уақыт аралығы керек.
- Сол себепті оқушылар ең алдымен айналасын танып білуден бастайды.Содан кейін ғана жоспар бойынша жұмыс жасайды.



ЗТО сабағы естімейтін балаларды оқыту мен дамытудың қосымша жүйелі түрдегі жолы болып табылады. ЗТО сабағы көп функциональды сабақ. Сондықтан да заттық тәжірибелік әрекет баланы жан-жақты дамытады. ЗТО сабағының міндеттерін бала әрекетін дұрыс әдістемелік нұсқау бойынша ұйымдастырылған кейін ғана толық қанды орындауы мүмкін.

Балалар бір сабақ бойы сурет салып, жануарлар мүсінін жасап, суреттер салып отыра беруі мүмкін. ЗТО сабағы естімейтін баланы оқытуға, сөйлеу тілін дамытуға көмектесетін тәсіл болып табылады. Балалардың ұжымдық әрекетін ұйымдастыра отырып мұғалім балаларды бір-бірімен сөйлесуге алып келетіндей жағдай жасайды. Сөйлеуге итермелейді. Мұғалім нұсқауымен ЗТО сабағында оқушылар түрлі бұйымдар жасап, сөйлеу тілін дамытады.

Естімейтін балаларға төменгі сыныптарда ЗТО сабағында басталып, кейіннен тіл дамыту, қазақ тілі, табиғаттану, айналамен таныстыру, дыбыс айту сабақтарында жалғасын табады.

Естімейтіндерді тілге оқыту қағидалары

Әртүрлі әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы коммуникативті қағидаларды іске асыру. Қағидалы әрекетті іске асырудың негізгі бағыттарының 1-іншісі ЗТО сабағында бағдарламаға сай сөздерді меңгеру мен тілге оқыту үрдісін игеру.

Екінші тілді ерекше, сөйлеу әрекеті ретінде қолдану, және оның себебін, тәсілін әрекетін ерекшелей отырып құрамын талдау. ЗТО сабағы барысында естімейтін балалар әртүрлі бұйымдар, модельдер, суреттер, жапсырма құрақтар сөйлеу тілін дамыта отырып жасайды.

□ **Назарларыңызға рахмет!!!**